

Ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі тәсілдер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін салыстырмалы зерттеу

ЖАРИЯЛАНДЫ 05.05.2026	ТИРЕК СӨЗДЕР artificial intelligence, digital technologies, English language, language skills, Motivation, traditional learning, ағылшын тілі, английский язык, дәстүрлі оқыту, жасанды интеллект, искусственный интеллект, мотивация, тілдік дағдылар, традиционное обучение, цифрлық технология мотивация, цифровые технологии, языковые навыки	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/188509/
---------------------------------	---	---

Есенбай Балауса Кендаулетқызы

Жабық Аружан Мейрамбекқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
“Шетел тілдер”(екі шетел тілі) факультеті, 3 курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: **Қымбат Көшкенбаева**

Қарағанды, Қазақстан.

Аннотация

Мақалада ағылшын тілін оқытудағы дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының тиімділігі салыстырмалы тұрғыда қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – әртүрлі оқыту тәсілдерінің білдім алушылардың тілдік құзіреттілігіне, мотивациясына және оқу белсенділігіне әсерін анықтау. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, бақылау әдістері қолданылды. Нәтижелерде көрсетілгендей, дәстүрлі оқыту әдістері коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда тиімді болса, Жи технологиялары оқыту процесін жекелендіру, жедел кері байланыс беру және оқу мотивациясын арттыруда басымдыққа ие. Сонымен қатар, Жи құралдары білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға және оқу нәтижелерін нақты талдауға мүмкіндік береді. Дегенімен, Жи-ға толық тәуелділік әлеуметтік өзара әрекеттесудің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі және Жи технологияларын үйлестіре қолдану ең тиімді оқыту моделі екені анықталды.

Кілтті сөздер: ағылшын тілі, дәстүрлі оқыту, жасанды интеллект, цифрлық технология мотивация, тілдік дағдылар.

Аннотация

В статье рассматривается сравнительная эффективность традиционных методов обучения английскому языку и технологий искусственного интеллекта (ИИ). Цель исследования — определить влияние различных подходов к обучению на языковую компетентность, мотивацию и учебную активность обучающихся. В ходе исследования были использованы методы сравнительного анализа и наблюдения. Полученные результаты показали, что традиционные методы обучения эффективны в формировании коммуникативных навыков, тогда как технологии ИИ обладают преимуществами в индивидуализации учебного процесса, обеспечении оперативной обратной связи и повышении учебной мотивации. Кроме того, инструменты ИИ способствуют организации самостоятельной работы обучающихся и позволяют более точно анализировать результаты обучения. Однако чрезмерная зависимость от ИИ может привести к снижению уровня социального взаимодействия. В результате исследования установлено, что наиболее эффективной моделью обучения является интеграция традиционных методов и технологий искусственного интеллекта.

Ключевые слова: английский язык, традиционное обучение, искусственный интеллект, цифровые технологии, мотивация, языковые навыки.

Abstract

This article presents a comparative analysis of the effectiveness of traditional teaching methods and Artificial Intelligence (AI) technologies in English language instruction. The primary objective of the research is to determine the impact of various pedagogical approaches on learners' language competence, motivation, and engagement. The study employed methods of comparative analysis and observation.

The results indicate that while traditional teaching methods remain effective in developing communicative skills, AI technologies offer significant advantages in personalizing the learning process, providing instantaneous feedback, and increasing student motivation. Furthermore, AI tools facilitate the organization of autonomous learning and enable precise analysis of academic performance. However, total reliance on AI may lead to a decrease in social interaction. The study concludes that a blended model, integrating both traditional methods and AI technologies, constitutes the most effective approach to language education.

Keywords: English language, traditional learning, artificial intelligence, digital technologies, motivation, language skills.

Қазіргі жаһандану және цифрландыру жағдайында білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. Әсіресе шетел тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін оқыту

саласында жаңа талаптар мен бағыттар қалыптасып отыр. Білім алушылардан тек тілдік білімді меңгеру ғана емес, сонымен қатар ақпаратты талдау, өздігінен білім алу, цифрлық ортада тиімді әрекет ету, коммуникативтік және сыни ойлау дағдыларын дамыту талап етіледі. Осыған байланысты оқыту әдістерін жаңарту және заманау технологияларды енгізу қажеттілігі артып келеді.

Дәстүрлі оқыту тәсілдері ұзақ уақыт бойы тіл үйретудің негізгі формасы ретінде қолданылып келеді. Бұл әдістерде мұғалім жетекші рөл атқарып, білім беру процесі негізінен аудиториялық сабақтар арқылы жүзеге асырылады. Дәстүрлі оқыту тілдік материалды жүйелі түрде меңгеруге, грамматикалық құрылымдарды түсіндіруге және оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалім мен білім алушы арасындағы тікелей қарым- қатынас оқу процесінің тиімділігін арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Алайда қазіргі цифрлық қоғам жағдайында дәстүрлі оқыту әдістері барлық білім алушылардың жеке қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайды. Біркелкі оқыту мазмұны, оқу қарқынының тұрақтылығы және оқушылардың жеке ерекшеліктерінің жеткіліксіз ескерілуі білім беру жүйесінде оқытудың жаңа, икемді және жекелендірілген модельдерін енгізу қажеттілігі туындады.

Соңғы жылдары жасанды интеллект ЖИ технологиялары білім беру саласына белсенді түрде енгізілуде. Жи негізіндегі оқыту жүйелері білім алушылардың оқу әрекетін талдап, олардың деңгейіне сәйкес жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технологиялар жедел кері байланыс беру, оқу нәтижелерін автоматты бағалау және оқыту процесін деректер негізінде оңтайландыру сияқты маңызды мүмкіндіктерге ие. Жи қолдану арқылы білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға және цифрлық сауаттылығын дамытуға жағдай жасалады.

Дегенімен, Жи технологияларының кеңінен қолданылуына қарамастан, олар дәстүрі оқытуды толықтай алмастыра алмайды. Тіл үйрену- тек когнитивтік процесс емес, сонымен қатар әлеуметтік өзара әрекеттесуге негізделген күрделі құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда мұғалімнің бағыттаушы рөлі, тірі қарым-қатынас және топтық жұмыс элементтері өз маңыздылығын сақтайды.

Осыған байланысты қазіргі педагогикада дәстүрлі оқыту мен жасанды интеллект технологияларын салыстыра зерттеу және олардың тиімді үйлесімін анықтау өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, оқытудың тиімділігі қолданылатын әдістердің біріне ғана емес, олардың дұрыс үйлестірілуіне байланысты.

Зерттеудің өзектілігі- ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі тәсілдер мен Жи технологияларының мүмкіндіктерін салыстыра отырып, олардың білім алушылардың тілдік құзіреттілігін дамытудағы тиімділігін анықтау қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі уақытта бұл бағытта жүргізілген зерттеулер жеткілікті болғанымен, олардың нәтижелері бірізді емес және оқыту моделін кешенді тұрғыда қарастыруды талап етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – ағылшын тілін оқытудағы дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект технологияларының тиімділігін салыстырмалы талдау арқылы олардың артықшылықтары мен шектеулерін анықтау және тиімді оқыту моделін ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

- Дәстүрлі оқыту тәсілдерінің педагогикалық ерекшеліктерін талдау;
- Жасанды интеллект технологияларының дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау;
- Екі тәсілдің оқыту нәтижелерін әсерін салыстыру;
- Ағылшын тілін оқытуда тиімді интеграциялық модель ұсыну.

Негізгі бөлім

Ағылшын тілін оқытудағы дәстүрлі тәсілдер мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін салыстырмалы талдау. Дәстүрлі оқыту тәсілдері негізінен мұғалімге бағытталған модельге сүйенеді. Бұл тәсілде білім алушылар ақпаратты қабылдаушы рөлінде болады, ал негізгі бақылау мен бағыттау мұғалім арқылы жүзеге асады. Мұндай әдістерге грамматикалық-аударма әдісі, тікелей әдіс, аудиолингвистикалық әдіс жатады. Бұл тәсілдердің басты артықшылығы – оқу процесінің құрылымдылығы мен жүйелілігі. Алайда олардың кемшіліктері де бар: оқыту процесі көбінесе бірсарынды өтеді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескерілмейді және кері байланыс алу уақыты ұзаққа созылады [1]

Жасанды интеллект технологиялары ағылшын тілін оқытуда жаңа кезеңді қалыптастыруда. ЖИ негізіндегі платформалар (мысалы, чат-боттар, интеллектуалды оқу жүйелері) білім алушыларға жекелендірілген оқу траекториясын ұсына алады. Бұл жүйелер білім алушының деңгейін автоматты түрде анықтап, соған сәйкес тапсырмалар береді, қателерін талдайды және жедел кері байланыс ұсынады [2]. Мұндай мүмкіндіктер дәстүрлі әдістермен салыстырғанда оқытудың тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, жасанды интеллект оқыту процесін интерактивті және қызықты етеді. Мысалы, тіл үйренуге арналған қосымшалар геймификация элементтерін қолдану арқылы білім алушылардың мотивациясын арттырады. Бұл дәстүрлі сабақтардағы пассивтілікті азайтып, белсенді қатысуды қамтамасыз етеді [3]. Сонымен қатар, ЖИ жүйелері сөйлеу дағдыларын дамытуда да тиімді, өйткені олар дыбыстық талдау арқылы дұрыс айтылымды тексере алады. Дегенмен, жасанды интеллектті қолданудың белгілі бір шектеулері де бар. Біріншіден, технологияға тәуелділік мәселесі туындайды: білім алушылар өз бетінше ойлау қабілетін төмендетуі мүмкін. Екіншіден, барлық оқу орындарында қажетті техникалық инфрақұрылым болмауы мүмкін. Үшіншіден, ЖИ

жүйелері әрдайым педагогикалық тұрғыдан толыққанды шешім ұсына алмайды, өйткені олар адам мұғалімнің эмоционалдық қолдауын алмастыра алмайды [4]. Осыған байланысты қазіргі зерттеулерде ең тиімді тәсіл ретінде гибриді модель ұсынылады. Бұл модель дәстүрлі оқыту әдістерін жасанды интеллект мүмкіндіктерімен біріктіруді көздейді. Мұғалім бағыттаушы және ұйымдастырушы рөлін сақтай отырып, ЖИ құралдарын қосымша ресурс ретінде пайдаланады. Нәтижесінде оқыту процесі әрі құрылымды, әрі икемді болады [5].

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазіргі жаһандану және цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі, әсіресе ағылшын тілін оқыту саласы, сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілуде. Дәстүрлі оқыту тәсілдері ұзақ уақыт бойы өзінің тиімділігін дәлелдеп, білім алушыларға тілдік білімнің негізін жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік беріп келді. Мұғалімнің жетекшілік рөлі, тікелей қарым-қатынас, тәртіп пен құрылым – бұл тәсілдің басты артықшылықтары болып қала береді. Алайда қазіргі қоғам талаптары білім алушылардан тек дайын білімді қабылдауды емес, сонымен қатар өздігінен іздену, ақпаратты талдау, сыни ойлау және цифрлық ортада тиімді әрекет ету қабілеттерін талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп отыр. ЖИ негізіндегі оқыту құралдары білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оқу процесін жекелендіруге, жедел кері байланыс беруге және оқу нәтижелерін тиімді бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивтілік пен геймификация элементтері арқылы білім алушылардың қызығушылығы мен мотивациясын арттырады. Бұл өз кезегінде тіл үйрену процесін анағұрлым қолжетімді әрі тартымды етеді.

Дегенмен, жасанды интеллект технологиялары дәстүрлі оқытуды толық алмастыра алмайды. Тіл үйрену – тек техникалық немесе когнитивтік процесс емес, ол әлеуметтік өзара әрекеттесуге, мәдени контексті түсінуге және тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделген күрделі үдеріс. Осы себепті мұғалімнің бағыттаушы рөлі, эмоционалдық қолдауы және сыныптағы тірі қарым-қатынас маңызды болып қала береді. Сонымен қатар, ЖИ қолдану барысында технологиялық тәуелділік, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және педагогикалық шектеулер сияқты мәселелер де ескеруді қажет етеді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект технологияларын тиімді үйлестіру қажеттілігін көрсетеді. Осы негізде ұсынылған гибриді оқыту моделі – ең тиімді шешімдердің бірі. Бұл модельде мұғалім негізгі ұйымдастырушы және бағыттаушы ретінде қала отырып, ЖИ құралдарын қосымша ресурс ретінде қолданады. Нәтижесінде оқу процесі бір жағынан жүйелі және

құрылымды болса, екінші жағынан икемді, жекелендірілген және заманау талаптарға сай болады.

Қорытындысында, ағылшын тілін оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін дәстүрлі педагогикалық тәжірибені сақтай отырып, оны жасанды интеллект мүмкіндіктерімен ұштастыру қажет. Болашақта білім беру жүйесінің дамуы дәл осы интеграциялық бағытта жүзеге асады деп күтіледі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. . Larsen-Freeman, D. (2000). *Techniques and Principles in Language Teaching*. Oxford University Press. 189 p.
2. Curtis, A. (2017). *Methods and Methodologies for Language Teaching*. Bloomsbury Academic. 260 p.
<https://www.bloomsbury.com/uk/methods-and-methodologies-for-language-teaching-9781137407351>
3. Cai, W. (2026). *Using Artificial Intelligence in Language Education*. Bloomsbury Academic. 256 p.
<https://www.bloomsbury.com/us/using-artificial-intelligence-in-language-education-9781350457188/>
4. Beatty, K. (2003). *Teaching and Researching Computer-Assisted Language Learning*. Longman. 259 p.
<https://www.routledge.com/Teaching-and-Researching-Computer-Assisted-Language>
5. Kenning, M.-M. (2007). *ICT and Language Learning*. Palgrave Macmillan. 225 p.
<https://link.springer.com/book/10.1057/9780230591325>

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.